



УДК 343.352
МРНТИ 10.77.35



МАХАНОВ ТАЛҒАТ ҒАБИТҰЛЫ¹

¹Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы



ҚАСЫМОВА МАДИНА ОРЫНБАЙҚЫЗЫ²

²Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ

Түйін. Мақалада авторлар Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасына рестроспективалық-құқықтық талдау жүргізген. Қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері қаралды. Жүргізілген нормашығармашылық қызметтің кемшіліктерін көрсетіп және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері арқылы негіздеп, оны одан әрі дамыту жолдарын ұсынады.

Түйінді сөздер: қылмыстық кодекс, қылмыстық-құқықтық норма, қылмыстық құқық бұзушылық, ізгілендіру, нормашығармашылық қызмет, талдау, түзетулер, ұсыныс.

Аннотация. В статье авторами дан рестроспективно-правовой анализ уголовного законодательства Республики Казахстан с момента приобретения независимости. Рассмотрены результаты работы государства по дальнейшему совершенствованию уголовного законодательства. Перечислены пробелы нормотворческой деятельности, по результатам проведенных ранее научных исследований предложены пути дальнейшего развития уголовного законодательства.

Ключевые слова: уголовный кодекс, уголовно-правовая норма, уголовное правонарушение, гуманизация, нормотворческая деятельность, анализ, поправки, предложение.

Abstract. In the article, the authors prepared a retrospective-legal analysis of the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan from the moment of independence. The results of the work of the state to further improve the criminal legislation are considered. Lists the gaps in the rule-making activities, and based on the results of previous research, the ways for the further development of criminal legislation have been proposed.

Keywords: criminal Code, criminal law, criminal offense, humanization, rulemaking, analysis, amendment, proposal.

2013 жылы қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесін түбегейлі жаңғыртатын және Қазақстанның құқықтық жүйесін заманауи қырларға дұрыс әсер ете алатын сатыға көтермелейтін 4 заңнамалық актілердің арасында қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) жаңа жобасы ұсынылды. Бұл актіні қабылдауға дейін барлық мемлекеттік органдардың, ғылыми жұртшылықтың және басқа мүдделі адамдардың қажырлы еңбектері жасалды.

Кез келген құқық саласының дамуы тарихи кезеңдегі құқықтық нормалар ерекшелігін көрсете отырып, мемлекетте болып жатқан оқиғалармен байланысты екені баршаға белгілі. Оның ішінде қылмыстық заңнамалар да бар.

1997 жылы қабылданған ҚР ҚК өзектілігі туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстандық жол» атты өз кітабында қағидалары орын алған әлеуметтік құндылықтарды қорғауға жататын қылмыстық құқықта жаңа иерархия белгіленгендігін жазды [1, 92 б.]. Ол актінің қабылдануына 1995 жылғы бүкіл халықтық референдум нәтижесі бойынша қабылданған Ата Заңымыз себепші болды. Шынында да осы Конституцияның негізінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа заңнамасы қалыптасты.

1997 жылғы ҚР ҚК 17 жыл бойы қолданыста болған уақытында оған

86 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Жасалған талдауымызға сәйкес, аталған заңнамаға ең көп түзетулер 2009 жылы енгізілді, яғни 13 заң арқылы (немесе 15%), сол сияқты 2012 жылы – 9 заң (10%), 2010 жылы – 8 заң (9%), 2011 және 2013 жылдарда – әр жылы 7 заңнан (8%), 2006 және 2007 жылдарда – әр жылға 6 заңнан (7%), 2002, 2008 және 2014 жылдарда – әр жылы 5 заңнан (6%), 2004 және 2005 жылдарда – 3 заңнан (3%), 1998, 1999, 2001 және 2003 жылдарда – 2 заңнан (2%) және 2000 жылы – 1 заң (1%). Сонымен 2009 және 2012 жылдарда ҚР ҚК ең көп өзгертулер мен толықтырулар енгізілгені анықталды.

Жалпы енгізілген түзетулер мазмұнын талдау нәтижесінде, олардың төрттен бірі қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару, оның ішінде өлім жазасы мен сот сараптамасы, қылмыстық-атқару жүйесі қызметі, алқабилер сотын енгізу және басқа қатынастарды тікелей жетілдіруге бағытталған.

Бұл заңдардың шамамен 20%-ы қылмыспен күресуді күшейтуге бағытталған (оның ішінде ұйымдасқан қылмыс, сыбайлас жемқорлық, терроризм, есірткінің заңсыз айналымы). Осыған ұқсас пайызды құраған заңдар экономикалық мәселелерді шешуге арналған (құнды қағаздар нарығы,



қаржы жүйесінің тұрақтылығы, салық салу және басқалары).

Қылмыстық заңнаманы жетілдіру мемлекетіміздің дамуымен тікелей байланысты екеніне 1997 жылы қабылданған ҚР ҚК жасаған салыстырмалы талдауымыз куә болып отыр. Белгілі бір кезеңдегі негізгі мемлекеттік-құқықтық институттардың саяси және экономикалық мазмұны ерекшелігін көрсетеді. Мәселен 2008-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс кезінде аталған заңнамаға енгізілген түзетулердің көпшілігі экономикалық қатынастарға байланысты. Сондықтан, қылмыстық заңнаманың даму кезеңі Қазақстанның даму сатысымен тығыз байланысты.

Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнама да сол секілді. Оның қабылдануына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы себепші болып, қылмыстық заңнаманың реформалануына әкелді.

Жолдауды іске асыру мақсатында мемлекеттің құқықтық саясатын бекіту мен қазақстандық демократияны дамытуға бағытталған шаралардың бірі болып табылатын ҚР ҚК әзірлеу мен қабылдау Жалпыұлттық жоспарда белгіленді. Қылмыстық-құқықтық қатынастарды, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделеріне кепіл болатын және оларды қорғауға бағытталған мемлекеттің құқық қолдану қызметін жетілдірудің жаңа сатысы осы кодекс болуы тиіс еді.

ҚР ҚК қылмыстық құқықтың маңызды негізі сақталды, оның ішінде қылмыстық-құқықтық нормалардың толық кодификациялануы бар. Сонымен бірге қолданыстағы заңнамада қылмыстық құқықтың жалғыз қайнаркөзі қылмыстық заң болатын норманы күшейтті, яғни ҚР ҚК 1-бабына сай Қазақстан Республикасының қыл-

мыстық заңнамасы Қазақстан Республикасының осы Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады [2]. Аталған баптағы екінші сөйлемге ғалым-заңгер Е.А. Салматов талдау жасай отырып, қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар нормасын осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жататындығын ұсынады [3].

Бұл жерден қылмыстық құқықтың жалғыз қайнаркөзі қылмыстық заң болып табылатыны, өзге нормативтік акт, сот прецеденті, сот қарауы, әдет-ғұрып заңдары оның қайнаркөзі бола алмайтындығы туралы еліміздің белгілі ғалым-заңгері, академик Е.І. Қайыржановтың пікіріне сай келеді [4, 21 б.]. Алайда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылатыны белгіленген. Бұл ретте құқық қолданушылардың көпшілігі Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларын қылмыстық заңнаманың қайнаркөзі деп түсінеді. Бұл дұрыс емес деп санаймыз.

Сонымен бірге Ата Заңымызда қылмыстық-құқықтық сипаттағы бірқатар нормалар бар (өлім жазасы туралы ереже, қажетті қорғану құқығы, заңның кері әсері, қылмыстық заңды аналогия бойынша қолдануға жол берілмейтіндігі және т.б.). Ал адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында көптеген қылмыстық-құқықтық институт элементтері белгіленген (сот үкімінсіз ешкім кінәлі деп танылмайтындығы, бір қылмыс үшін екі рет жауапқа тартылмау және т.б.).

Егер де Конституцияны еліміздің барлық саясатын қалыптастырудың құқықтық негізі деп түсінетін болсақ, онда қылмыстық құқық қайнаркөзіне Конституцияның барлық нормасын жатқызамыз. Тиісінше олар қылмыстық

әрекеттер мен жазалар жүйесін белгілеу, нақты қылмыс құрамы үшін санкция айқындау, қылмысты ескерту бойынша іс-шаралар әзірлеу, қылмыстық заңнаманың жалпы ережелерін пысықтаудағы заңнама және құқық қолдану органдары қызметінің бағыты болып саналады.

Қандай да бір қылмыстық әрекет үшін жауаптылық тек Қылмыстық кодексте ғана көзделуі тиіс. Е.І. Қайыржановтың пікірі осы мәселені ғана меңзейді. Ал нормативтік қаулылар, әдет-ғұрыптар, өзге заң актілерінде қылмыстық заңнамаға қатысы бар нормалар қылмыстық құқықтың қайнар көзін құрай алады.

Сонымен бірге қылмыстық заңнама қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын әрекеттердің нақты және жалғыз тізімін көрсетеді. Мысалы ҚР ҚК 3-бабы 29) тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізбесі көрсетілген. Мемлекеттің басқа құқықтық актілері қылмыстық-құқықтық нормаларды көздемейді.

Көптеген шет мемлекеттердің қылмыстық кодекстері жалғыз қылмыстық-құқықтық заңнама актісі болып табылмайды. Франция, Англия, АҚШ және басқа елдерде қылмыстық заңнамамен қатар басқа заң актілерімен де жауаптылық көзделген. Бұл заң актілерінде жауаптылық көзделген қылмыстық-құқықтық нормалар бар, экономикалық, көліктік, сыбайлас жемқорлық қылмыстары және т.б.

Қылмыстық заңнаманың мазмұнына тоқталатын болсақ, оны әрі қарай жетілдіру үшін ұзақ уақыт пен көп күш жұмсалатыны анық. Алайда қабылданған уақытынан бері ҚР ҚК заңнамалық тұрғыдағы даму жолын қарағанымыз жөн.

Сонымен, айта кететін болсақ заңды күшіне еніп үлгермеген қылмыстық заңнамаға 2014 жылдың қараша айында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол заңның

жаңа редакциясында «қылмыстық қоғамдастық» ұғымы, «Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау» (437-бап) және «Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету» (441-бап) қылмыстарына жауапкершілік жаңадан ұсынылған. Оған қоса, егер сыйлықтың құны бес айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның міндетіне кіретін жұмыстарды бұрын орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде сыйлық ретінде материалдық сыйақы, жеңілдік немесе мүлктік сипаттағы қызметті алуы маңызы аз болуына байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды және ол тәртіптік ретпен қудаланатыны туралы 247-баптың ескертпесін ұсыну жаңалық болды.

Бұл бір ғана қылмыстық заңнамадағы жағдай емес. Жалпы қазақстандық нормашығармашылық қызметтегі басты мәселелердің бірі осы.

Осыған орай қылмыстық құқық теориясына да, тәжірибе үшін де заңдардың саналы тұрақтылықты қалыптастыруы ең маңызды мәселенің бірі болып табылады. ҚР ҚК қабылданғаннан бері осы уақытқа дейін 26 заң арқылы түзетулер енгізілген. 2014 және 2019 жылдары – 1 (4%) заңнан; 2015 және 2016 – 5 (19%); 2017-2018 – 7 (27%) заңнан. Сондықтан ҚР ҚК қолданыста болған уақытын ай арқылы есептейтін болсақ, барлығы 50 ай ішінде, екі ай сайын бір реттен түзетулер енгізіліпті. Байыпты құқықтық салдарды көздейтін (соттылық, бас бостандығынан айыру және т.б.) қылмыстық заңнама үшін осындай түзетулер енгізу мерзімділігі аса қарқынды болып көрінуі тиіс. Алайда бұл көрсеткіш жыл сайын өсе беруі мүмкін.

Сол сияқты Ресей Федерациясының 1998 жылы қабылданған Қылмыстық



кодексіне қазіргі күнге дейін 241 заңмен өзгертулер мен толықтырулар енгізілсе, орташа есеппен айына тиісті 2 заң қабылданған [5]. Ал Беларусь Республикасының 1999 жылы қабылданған Қылмыстық кодексіне қазіргі күнге дейін 31 ғана заң арқылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, жылына 3 заңнан қабылданып отырған [6].

Жоғарыда көрсетілген түзетулер мазмұнына келетін болсақ, олардың үштен бірі экономикалық мәселелерді шешуге, тек 20%-дан аса қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-атқару қатынастарын, құқық қорғау органдары қызметін жетілдіруге бағытталған. Әрине заманауи өзгерістер мен жаһандық даму процестерінің, практика мен өндіріс қажеттілігіне орай қылмыстық-құқықтық нормалар арқылы шешуін табатын өзекті мәселелер түзетулерді қажет етеді.

Мәселен, 1998 жылғы 26 қаңтардағы Қылмыстық заңнамаға түзетулер енгізу туралы Алтыншы заң қабылдағаннан бері Германия Қылмыстық кодексіне (1871 жылы қабылданған) 60-тан аса өзгертулер енгізілген. Өзгертулер Ерекше бөлімдегі қылмыстық-құқықтық тыйым салуларды өзгертуге бағытталған (*экономикалық қылмыстар, жеке бостандыққа қарсы қылмыстар, қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар, қоршаған ортаға қарсы қылмыстар*) [7, 174 б.].

Сонымен қатар кейбір ғалымдардың ойынша, қылмыстық заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар неғұрлым көп енгізілсе, жүйелілік қағидасының соғұрлым көбірек бұзылуына әкеп соғатыны анықталады [8, 42 б.]. Бұл жердегі басты мәселе – біздің Қылмыстық кодекс кодификациаланған нормативтік акт болып табылатыны анық, яғни осы жүйелі актінің құрылысы, жүйесі бұзылмауы тиіс.

Бұл орайда заңның саналы тұрақтылығын, жүйелігін сақтау қажеттігі туралы мәселені ұмытпағанымыз жөн. Себебі оларды шамадан тыс өзгерте беру құқық қолдану тәжірибесіне кері әсерін немесе маңызды ауыртпалығын түсіруі мүмкін. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін ғалымдар мен практиктер ауқымды да сапалы, маңызды әрі қажетті жұмыстар жүргізу үшін зор еңбектерін жұмсайды.

ҚР ҚК 10-бабы 3 бөлігіне бірақ, сәйкес қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Сонымен қатар, ҚР ҚК келесі бағыттар бойынша жұмыстар жасау арқылы жетілдіру қажет:

1. Қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты ізгілендіру.

Мысалы, ҚР ҚК 187-бабына сәйкес, ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу болып табылады. Ал болмашы мөлшер – ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны болып табылады.

Алайда, заңнамада қылмыстық теріс қылықпен келтірілген залалдың төменгі шегі көрсетілмеген. Сол себептен, ҚР ҚК 10-бабы 4 бөлігінің ережелері орындалмай отыр (ҚР ҚК Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет

немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды) [2].

Қылмыстық құқық теориясы бойынша азық-түлік тауарларын жымқыру дүкеннен не дүкен аймағынан шыққан сәттен бастап аяқталған қылмыс болып табылатыны белгілі. Батыс-Қазақстан облысындағы қылмыстың алдын алу бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, ұсақ-түйек жымқыруды жасау орындарында оны жасаған адамдардың 100%-ы әшкереленген. 2017 жылы тек 1 қылмыстық іс бойынша ғана оны жасаушы анықталмағанына қарай тоқтамға алынған [9, 10 б.]. Атап айтқанда, барлық ұсақ-түйек жымқыру қылмыстық құқық бұзушылық жасауға оқталу болып саналады. Ал қылмыстық теріс қылық жасауға оқталу қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылмайды.

Бұл туралы еліміздің белгілі ғалымы з.ғ.д., профессор С.М. Рахметов аталған әрекеттер формальды түрде ҚР ҚК 187-бабы 1 бөлігіне сәйкес жауаптылыққа тартылады, алайда жымқырылған заттар құнының болмашы мөлшер болуын ескере отырып, ҚР ҚК 10-бабы 4-бөлігіне сай қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылмайтындығын айтады [10, 121 б.].

Мәселен, Ресейдің Қылмыстық кодексінде бұрын әкімшілік жазаға тартылған адам жасаған ұсақ-түйек жымқыру (158.1-бап) үшін қылмыстық жаза көзделсе, сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде ұсақ-түйек жымқыру арнайы баппен (7.27-бап) үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

Сондықтан, ұсақ-түйек жымқыру қылмыстық теріс қылығы үшін жауапкершілікті әкімшілік жауаптылық етіп ізгілендіруді ұсынамыз.

2. Бірнеше рет ауырлығы онша емес, ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жиі жасаушылардың татуласуын қоса алғанда, сезіктінің, айыпталушының жәбірленуші тараппен қайта-қайта татуласуына тыйым салуды енгізген жөн.

Криминологиялық болжам жасау арқылы Қостанай облысындағы қылмыстың алдын алу бойынша жүргізілген ғылыми зерттеу барысында, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында 2015-2017 жылдар арасында барлығы 12 669 адамға қатысты, ақталмаған негіз бойынша қысқартылған істердің 8871 (70%) - тараптардың татуласуына байланысты қысқарған.

Мысалы азамат Г. (1991 ж.т.) – 19 рет, аз. Л. (1985 ж.т.) – 23 рет, аз. О. (1980 ж.т.) – 24 рет, аз. П. (1982 ж.т.) – 29 рет сезікті ретінде татуласқан [11, 18 б.].

Міне осындай фактілер тек аталған облыс төңірегінде ғана емес, сондай-ақ барлық аймақтарда кездесіп отыр. Ең бастысы әрбір қылмыстық құқық бұзушылық жасаушы тұлғаға міндетті түрде жазалану қағидасы орындалмай қалуын байқатады. Осыған байланысты, бірнеше рет татуласуға тыйым салуды ұсынып отырғанымыз мәнді.

Еліміздегі қылмысқа қарсы іс-қимылды жүзеге асыруда, қазақстандық қылмыстық саясатты одан әрі жетілдіру мақсатында қылмыстық заңнаманың алатын рөлі ерекше. Сондықтан түзетулер енгізуге жататын әрбір құқықтық норма үшін терең зерттеулер мен сараптамалар жүргізу, оған тәжірибе жасау арқылы аталған норманы енгізудің қажеттілігіне толыққанды көз жеткен соң ғана тиісті заңды қабылдау қажет деп санаймыз.



Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев, Н.А. Казахстанский путь [Текст] // Н.А.Назарбаев. – Караганда, 2006. – 372 с.- книга.
2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі [Текст]: 2014 жылғы 4 шілдедегі №226-V ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – (<http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>). – интернет источники.
3. Саламатов, Е.А. Аспекты совершенствования Общей части Уголовного кодекса Республики Казахстан [Текст] // Е.А. Саламатов. «Zakon.kz» Ақпараттық порталы. – (<https://www.zakon.kz/4953523-aspekty-sovershenstvovaniya-obshchey.html>). – интернет источники.
4. Уголовное право Казахстана. (Общ. часть) [Текст]: Учеб. для вузов / К.Ж. Балтабаев, А.С. Жаппаров, Е.И. Каиржанов и др. Алматинский юрид. ин-т, МВД РК.- Алматы: ТОО «Баспа», 1998.- 284 с. – учебник.
5. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 №63-ФЗ [Текст] // Официальный сайт компании «КонсультантПлюс». – (http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/). – интернет источники.
6. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года №275-3 [Текст] // Информационная система «Параграф». – (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984#pos=6;-245). – интернет источники.
7. Маркунцов, С. А. Основные тенденции изменений уголовно-правовых запретов Особенной части Уголовного кодекса Германии [Текст] // С.А. Маркунцов., А.В.Уманский. Журнал «Право. Журнал Высшей школы экономики». – № 1. - 2013. – С.173-195. – журнал.
8. Непранов, Р.Г. Назад в будущее или Уголовный кодекс Российской Федерации 20 лет спустя [Текст] // Р.Г. Непранов., Н.В. Петрашева. Научный журнал «Юристы-Правоведь». – №1 (80) - 2017. – С.41-46. –журнал.
9. Профилактика преступности через криминологическое прогнозирование: Обзор преступности Западно-Казахстанской области [Текст] / Коллектив авторов – Астана: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2018. – 86 с. – методическое пособие.
10. Рахметов, С.М. Проблемы отграничения уголовных проступков от административных правонарушений и преступлений [Текст] // С.М. Рахметов. Вестник Института законодательства РК. – №4 (45) - 2016. – С.121. – журнал.
11. Критический количественно-качественный анализ преступности в Костанайской области: Обзор преступности Костанайской области [Текст] / Коллектив авторов – Астана: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2018. – 102 с. – методическое пособие.